

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы Забелов ауылы әкімінің 2019 жылғы 14 мамырдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 мамырда № 8437 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Жітіқара ауданы Забелов ауылы әкімінің міндетін атқарушысы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында Жітіқара ауданы Забелов ауылының аумағында орналасқан жалпы алаңы 2,0164 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Жітіқара ауданының Забелов ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Жітіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Забелов ауылы әкімінің міндетін атқарушысы

А. Жаксыбаева